



**«БЕКІТЕМІН»**

**«Жұлдыз» балалар  
қоғамдық ұйымдарының  
Одағы» ҚБ  
президенті**

**Е. Дмитриенко**

**«28» 09 2017 ж.**

## **«АЛТЫН КҮЗ -2017» ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, СУРЕТТЕР, ФОТОСУРЕТТЕР ЖӘНЕ ЖАС ДАРЫНДАРДЫҢ БАСҚА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже «АЛТЫН КҮЗ -2017» әдеби шығармашылық, суреттер, фотосуреттер және жас дарындардың басқа шығармашылық жұмыстарының сыртқы байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін, іріктеу жұмыстарының талаптарын, қатысушылар құрамын, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін анықтайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушысы және дайындығы мен өткізілуіне «Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы» қоғамдық бірлестігі жауапты болып табылады.

### **2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:**

2.1 Балалар мен жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту, балаларды тәрбиелеуде отбасын рөлін жоғарылату, балалар мен жастардың мәдени қызметін тиімді ұйымдастыруды белсенділендіру және жоғарылату, байқау қатысушыларына қатысу мен табыс жағдаятының міндетті фиксациясымен ашық шығармашылық байқау шеңберінде білім мекемесінің және өңірдің шеңберінен шығатын масштабта жарысу мүмкіндігін ұсыну.

### **3. Байқау қатысушылары:**

3.1. Байқауға 3-22 жас аралығындағы барлық ниет білдірушілер қатыса алады.

3.2. Байқау қатысушыларының жас санаттары:

*1 санат – 3-5 жас;*

*2 санат - 6-8 жас;*

*3 санат - 9- 11 жас;*

*4 санат - 13- 15жас;*

*5 санат - 16-18 жас;*

*6 санат - 19 -22 жастағылар.*

#### **4. Байқауды өткізу мерзімі:**

- 4.1. Байқауды өткізу мерзімі: 2017 жылдың 1-қазаннан мен 1- желтоқсаннан аралығы.
- 4.2. Байқау қазыларының байқау қатысушыларының жұмысын бағалау бойынша жұмыстары 2017ж. 2-10 желтоқсан аралығы.
- 4.3. 10-16 желтоқсан 2017 ж.– Байқау қорытындысын жариялау.
- 4.4. «Жұлдыз» БҚҰО ҚБ сайтында байқау жеңімпаздарының жұмыстарын және байқауды өткізу туралы есепті 2017 ж. 25 желтоқсанына дейін орналастыру.

#### **5. Байқауды өткізу шарттары:**

- 5.1. Байқау қатысушылары ғаламтор ресурстарына жүгінбей, жұмысты өзбетінше орындайды.
- 5.2 Бірлесіп жазған 1 жұмыстың авторлары үшеуден артық болмауы тиіс.
- 5.3. Жұмыс мазмұны байқау тақырыбын ашуы тиіс.
- 5.4. Жұмысты бір стильде рәсімдеу, фотоматериалдардың сапасы жақсы, жоғары сандық түрде болуы тиіс.
- 5.5 Электрондық түрде жіберілген жұмыстар файлда болуы тиіс, презентацияның/файлдың өлшемі 20 Мбайттан аспауы тиіс.

#### **«Сурет» номинациясы**

Сурет авторға ыңғайлы кез келген тәсілмен, қағазда да (қарындашпен, фломастермен, гуашьпен, акварельмен, пастельмен және т.б.), сондай-ақ графикалық редактормен де (Paint, PhotoShop және т.б.) орындалуы мүмкін.

Байқауға JPG форматындағы электрондық түрдегі жұмыстар да (фото, скан-көшірмелер), сонымен қатар поштамен жіберілген түпнұсқа да қабылданады.

Суреттің ені мен биіктігі 800 px-2000 px дейін.

Файл өлшемі 6Мбайттан аспауы тиіс.

#### **«Қолданбалы- қолөнер шығармашылығы» номинациясы**

*Бастырма, бояма, кестелеу* және т.б авторға ыңғайлы кез келген тәсілмен орындалуы мүмкін.

Байқауға тек JPG форматындағы электрондық түрдегі жұмыстар ғана (фото, скан-көшірмелер) қабылданады.

Суреттің ені мен биіктігі 800 px-2000 px дейін.

Файл өлшемі 6Мбайттан аспауы тиіс.

## «Әдеби шығармашылық» номинациясы

*Эссе, поэтикалық шығармашылық әңгіме* көлемі 3 беттен кем емес.

Әділ-қазылар алқасы материалдарды қатысушы авторлардың орфографиясындағы, пунктуациясындағы өзгерістерсіз қаралады.

Байқауға нормативті лексикаға сай келмейтін, ұлт араздығын қоздыратын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа мазмұны бар жұмыстар қабылданбайды.

## «Музыкалық шығармашылық» номинациясы

Сапасы жақсы аудио, бейне жазба электрондық түрде қабылданады.

Файл 20 Мбайттан аспауы тиіс.

Байқауға нормативті лексикаға сай келмейтін, ұлт араздығын қоздыратын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа мазмұны бар жұмыстар қабылданбайды.

*Әрбір қатысушы байқауға бірнеше жұмысын ұсынуға құқылы.*

## 6. Сараптама және конкурстық жұмыстарды бағалау талаптары:

6.1. Байқауға ұсынылған жұмыстарды сараптамалық бағалау құрамы байқауды ұйымдастырушы Комитетпен бекітілетін байқау комиссиясымен (қазылар алқасымен) жүзеге асырылады.

6.2. Қазылар алқасы ұсынылған жұмыстарды қарастырып, жеңімпаздарды анықтайды. Байқау жұмыстарын бағалау үшін мынадай талаптар таңдалды:

- конкурстық жұмысты өзбетінше орындауының дәрежесі;
- конкурстық жұмыстың қатысушы жасына сәйкестігі;
- конкурстық жұмыстың көркемдік деңгейі және эстетикасы;
- конкурстық жұмыстың түпнұсқалылығы.

*Байқауға қатысу үшін Ұйымдастырушы Комитетпен бекітілген үлгідегі, жетекшінің қолы мен мөрі қойылған өтінімді ұйымдастырушы Комитеттің электрондық мекенжайына жолдау қажет. Міндетті түрде электрондық хат тақырыбында «Байқауға өтінімі және қатысушының ТА) көрсетілсін. (№ 1-қосымшаны қараңыз).*

## 7. Марапаттау және байқауды қаржыландыру

7.1. Байқау жеңімпаздарына «Жұлдыз» БҚҰО ҚБ дипломдары, грамоталары мен алғыс хаттары беріледі.

7.2. Үздік жұмыстар облыстық және республикалық БАҚ және «Жұлдыз» БҚҰО ҚБ сайтында жарияланатын болады.

7.3. Байқау қандайда бір қаржылық қолдаудан тыс өзіндік сатып алу шартымен сыйақы қорын, сарапшылардың, кәсіби қазылар мүшелерінің еңбегінің төлемін және ұйымдастырушы Комитеттің басқа да ұйымдастырушылық шығындарын қамтамасыз ететін ерікті ұйымдастырушылық жарналар есебінен өткізіледі.

**Сыртқы байқауға қатысудың ұйымдастырушылық жарнасы – 1500 теңге.**

Төлемді қолма-қол ақшасыз мына реквизиттер бойынша жүргізуге болады:

**«Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы» ҚБ**

**020000, Көкшетау қ, Абай к-сі, 112а, 207**

**РНН 032600222656**

**ИИК KZ 276010321000017832**

**«Қазақстан халық банкі» АҚ Ақмола ОФ**

**БИК HSBKZZKX**

**ИИН 040840005670**

**Код 18**

**КНП 859**

Төлем құжаттарының көшірмесі конкурстық жұмысқа қосымша ретінде байқауға қатысу өтініміне қосымша болып байқауды ұйымдастырушы Комитетке жіберіледі.

Анықтама алу үшін мына телефондарға хабарласыңыз:

Көкшетау қ: 50 25 91, 72 12 26, ұялы байланыс: +7 701 533 70 28 - Елена Александровна Дмитриенко, 8 705 226 56 02 (Пятков Александр Сергеевич)

**«Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы мен оның жобалары туралы ақпаратты [www.zhuldyz.kz](http://www.zhuldyz.kz) сайтынан алуға болады.**

**Ұйымдастырушы Комитет**

**«АЛТЫН КҮЗ -2017» әдеби шығармашылық,  
суреттер, фотосуреттер және жас дарындардың басқа шығармашылық  
жұмыстарының сыртқы байқауына қатысуға  
Өтінім**

1. Өтінім берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_
2. Жасы, туған жылы, айы, күні \_\_\_\_\_
3. Оқу орны (факультет), жұмысы (лауазымы) \_\_\_\_\_
4. Номинациясы (шығармашылық жұмыстың жанры): \_\_\_\_\_
5. Өтінім берушінің (конкурсанттың) пошталық мекенжайы \_\_\_\_\_
6. Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_
7. Педагогтың не ата-ананың (егер жұмыс жетекшілікпен орындалса) Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

8. Педагогтың не ата-ананың байланыс телефоны және электрондық мекенжайы \_\_\_\_\_

Өтінім берушінің (конкурсанттың) қолы \_\_\_\_\_

Жауапты тұлғаның қолы \_\_\_\_\_

мерзімі

мөр

Өтінімге файл түріндегі конкурстық жұмыстар қоса беріледі, тақырып атауын көрсетіліп, автор қол қояды және негізгі құжатқа тіркеледі. Конкурстық жұмыстың өтінімі қосымшасымен (файлмен) ұйымдастырушы Комитеттің [sdoozhuldyz@mail.ru](mailto:sdoozhuldyz@mail.ru) және [dea\\_ast@mail.ru](mailto:dea_ast@mail.ru) (көшірме) электрондық мекенжайларына жолданады.

**БАЙҚАУДЫ  
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ КОМИТЕТ.**